

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Бала тұлғасын дамытудағы тәрбиешінің рөлі

ЖАРИЯЛАНДЫ
10.12.2024СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/172210/**Аты-жөні:** Жумагулова Лаура Бакыткалиевна**Лауазымы:** тәрбиеші**Абай облысы****Семей қаласы****Шағын орталық “Әдемі kz”****«Бала тұлғасын дамытудағы тәрбиешінің рөлі»**

Кіріспе: Бала тұлғасы – бұл оның жеке тұлғалық қасиеттерінің, мінез-құлқының, эмоциялық және интеллектуалдық дамуының жиынтығы. Бала тұлғасын дамыту барысында ең маңызды рөлді тәрбиелеу процесі атқарады. Бұл процесс баланың жеке қасиеттерін қалыптастырып, оның қоғамға үйлесімді, өзін-өзі тануға қабілетті және психологиялық тұрғыдан сау жеке тұлға ретінде дамуына ықпал етеді. Тәрбиеші осы процессте басты рөлін атқарып, баланың өмірінде үлкен орын алады. Бала тұлғасының дамуы тек ақыл-ойдың немесе физикалық дамудың ғана емес, сонымен бірге моральдық, эмоционалдық, рухани өсудің де нәтижесі. Бала тұлғасының толыққанды дамуы қоғамда өз орнын табуға, әлеуметтік ортада үйлесімді қарым-қатынас жасауға, өзін-өзі іске асыруға мүмкіндік береді. Осы үдерісте тәрбиеші маңызды рөл атқарады. Оның педагогикалық шеберлігі мен тұлғалық қасиеттері баланың жеке тұлғасын қалыптастыруда шешуші фактор болып табылады.

Тәрбиешінің бала тұлғасын дамытудағы рөлі өте маңызды, себебі ол тек білім беру ғана емес, сонымен қатар балаға моральдық және психологиялық қолдау көрсету, оның жеке қасиеттерін қалыптастыру, мәдени және рухани құндылықтарға тәрбиелеу міндеттерін атқарады. Баланың тұлғалық дамуы мектепке дейінгі кезеңде ең қарқынды жүретіні белгілі, себебі осы уақытта бала психикасы әлі толық қалыптаспаған, оның

ойлау, қабылдау қабілеті жаңадан дамып келеді. Осы кезеңде тәрбиеші балалармен түрлі ойындар, әрекеттер, шығармашылық жұмыстар арқылы олардың жеке тұлғасын қалыптастырады.

1.Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі.

Тәрбиешінің педагогикалық шеберлігі балаға дұрыс әсер ету үшін маңызды. Бұл шеберлік баланың ерекшеліктерін, оның темпераменті мен мінез-құлқын білу, онымен түрлі жағдайларда дұрыс қарым-қатынас орнату қабілетінен тұрады. Тәрбиеші баланың дамуын қадағалап, оның эмоционалдық және әлеуметтік қажеттіліктеріне жауап беру арқылы оның тұлғалық қасиеттерін дұрыс бағытта дамыта алады. Ең маңызды педагогикалық құралдардың бірі – бұл тәрбиешінің балаға деген сүйіспеншілігі мен құрметі. Бұл қатынас баланың өзін-өзі бағалауын арттырып, оның өз-өзіне сенімін күшейтеді. Қиын жағдайларда баланы түсіну, оның қажеттіліктеріне бейімделу, жақсы мысал көрсету – тәрбиешінің ең маңызды міндеті.

2. Балаға эмоционалдық қолдау көрсету

Тәрбиешінің балаға эмоционалдық қолдау көрсетуі оның тұлғасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық қолдау арқылы бала өзін қауіпсіз әрі сүйікті сезінеді, бұл оның психологиялық дамуына оң әсер етеді. Тәрбиеші баланың эмоцияларына мән беріп, оған өзінің сезімдерін дұрыс түсіну және басқару қабілеттерін дамытуға көмектеседі. Сонымен қатар, баланың өзіндік пікірін қалыптастыру үшін тәрбиеші оған ойлануға мүмкіндік беріп, оның жеке көзқарасын құрметтеу керек.

3. Тәрбиеші мен баланың қарым-қатынасы.

Тәрбиеші мен баланың арасындағы қарым-қатынас балалардың әлеуметтену процесінде маңызды рөл атқарады. Бала өз тәрбиешісінен көп нәрсені үйренеді: қарым-қатынас мәдениетін, ұжымда жұмыс істей білу, өз пікірін жеткізу, басқа адамдармен әрекеттесу дағдыларын. Тәрбиеші баланы тек оқыту емес, сонымен қатар оның бойында дұрыс құндылықтар мен мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруы керек. Бұл процессте баланың тұлғалық ерекшеліктерін ескеру, оның жан дүниесіне терең үңілу өте маңызды.

4. 4. Тәрбиешінің шығармашылық қабілеттері.

Бала тұлғасын дамытуда шығармашылық қабілеттердің маңызы зор. Тәрбиеші өзінің шығармашылық әлеуетін пайдалана отырып, баланың қызығушылықтарын оятып, оның жан-жақты дамуына ықпал ете алады. Әртүрлі шығармашылық тапсырмалар, театр қойылымдары, музыкалық және сурет өнері арқылы бала өзінің жеке тұлғалық қасиеттерін аша алады. Шығармашылық жұмыс баланың ойлау қабілетін дамытады, сонымен қатар оның өз-өзіне деген сенімін арттырады.

Күн тәртібі балабақша өмірінің негізі. Ол баланың тыныш өмірін қамтамасыз

етуге, оны стресс факторларынан қорғауға және денсаулығын жақсартуға шақырылады. Балабақша режимін сақтау отбасындағы режимді сақтаумен тікелей байланысты. Режимді сақтаудың тағы бір аспектісі – іс-әрекеттің ұтымды құрылымы, олардың балалардың еркін әрекетімен байланысы.

Дегенмен, балалардың өзара әрекеті ойдағыдай дамуы үшін педагогтың ықпалы қандай болуы керек? Мұнда екі ықтимал жол бар:

- **біріншіден**, балалардың мазмұндық бірлескен іс-әрекетін ұйымдастыру;
- **екіншіден**, олардың субъективті өзара әрекетін қалыптастыру.

Балалармен тәрбие жұмысын жүргізу – мектепке дейінгі тәрбиешінің негізгі қызметі. Ол бағдарламалық-әдістемелік құжаттама негізінде алдағы жұмыстарды жоспарлауда, осы жұмысты тікелей жүзеге асыруда және оның нәтижелерін талдауда жүзеге асырылады.

Тәрбие – жауапты процесс. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасында баланың жеке тұлғасы дамиды. Ал көп нәрсе осы тәрбиешіге байланысты, өйткені балалар өмірінің маңызды бөлігін мектепке дейінгі мекеме қабырғасында өткізеді.

Тәрбиеші есте сақтауы керек: жаман бала болмайды, кейбір жағымсыз қасиеттер дұрыс емес тәрбиенің нәтижесі. Баланың өзін-өзі бағалау сезімін дамытуға көмектесетін жағымды қасиеттерді атап өтіп, сол арқылы оларды күшейткен дұрыс.

Қазіргі заманғы барлық зерттеушілер балаларға деген сүйіспеншілікті педагогтың ең маңызды тұлғалық және кәсіби қасиеті ретінде қарастыру керектігін, онсыз тиімді педагогикалық іс-әрекет мүмкін емес екенін атап өтеді.

Қорытынды

Тәрбиешінің бала тұлғасын дамытудағы рөлі өте маңызды. Ол балалардың эмоционалдық, интеллектуалдық және әлеуметтік дамуына өз үлесін қосып, олардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Тәрбиеші балалармен дұрыс қарым-қатынас орната отырып, олардың жеке қажеттіліктеріне, мүдделеріне және қабілеттеріне назар аударады, сонымен қатар оларды шығармашылық, әлеуметтік және рухани тұрғыдан дамытады. Тәрбиеші балалардың тұлғасын қалыптастыруда үлгі болып, олардың өмірге деген көзқарасын дұрыс бағыттап алады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» журналы №5, 2014

2. *Отбасы және балабақша журналы №6,2014*
3. *«Балалық шақ» С.Мәулен Алматыкітап 2011ж*
4. *Интернет желісі.*

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.